

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

BT3600



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
2	Bluetooth динамигі	3
	Кіріспе	3
	Қораптың құрамы	3
	Динамикке шолу	4
3	Жұмысты бастау	5
	Динамикті орналастыру	5
	Кірістірілген батареяны зарядтау	5
	Қосу/өшіру	5
4	Bluetooth құрылғыларын пайдалану	6
	Құрылғыны қосу	6
	Екі Bluetooth құрылғысын бір уақытта қосыңыз.	7
	Bluetooth құрылғысынан ойнату	7
	Телефон қоңырауын басқару	8
5	Сыртқы құрылғыны тыңдау	9
6	Өнім туралы ақпарат	10
	Ерекшеліктер	10
7	Ақаулықтарды жою	11
	Жалпы ақпарат	11
	Bluetooth құрылғысы туралы	11
8	Ескерту	12
	Сәйкестік	12
	Қоршаған ортаны күту	12
	Өнімде көрсетілген тауар белгісі	13

1 Маңызды ақпарат



Абайлаңыз

- Бұл динамиктің корпусын ешқашан алмаңыз.
 - Бұл динамиктің ешқандай бөлігін ешқашан майламаңыз.
 - Бұл динамикті басқа электр құралдың үстіне ешқашан қоймаңыз.
 - Бұл динамикті күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
-
- Бұл динамикті судың жанында қолданбаңыз.
 - Желдету үшін динамиктің айналасында жеткілікті бос орын бар екендігін тексеріңіз.
 - Тек өндіруші көрсеткен қосымша құралдарды немесе аксессуарларды қолданыңыз.
 - Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
 - Динамикке сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
 - Динамиктің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған балауыз шамдар) қоймаңыз.



Ескертпе

- Түр тақтасы өнімнің артқы жағында орналасқан.

2 Bluetooth динамигі

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе

Осы динамикпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:


- Bluetooth қосылған құрылғылардан немесе басқа сыртқы дыбыс құрылғыларынан дыбыс тыңдау; және
- Bluetooth қосылымы арқылы кіріс телефон қоңырауын басқару.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- USB кабелі
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парақшасы

Динамикке шолу



① DC IN

- Кірістірілген батареяны зарядтау.

② AUDIO IN

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.

③ MULTIPAIR GO

- Жұптастыру режиміне кіру үшін түймені екі секунд басып тұрыңыз.
- Динамикке қосылған Bluetooth құрылғыларын тазалау үшін екі секунд басып тұрыңыз.
- Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз.
- Кіріс қоңырауды қабылдамау үшін екі секунд бойы басып тұрыңыз.
- Қоңырау кезінде ағымдағы телефон қоңырауын аяқтау үшін басыңыз.
- Қоңырау кезінде қоңырауды мобильді құрылғыға тасымалдау үшін екі секунд бойы басып тұрыңыз.

④ ϕ /Дыбыс деңгейі тұтқасы

- Динамикті қосу немесе өшіру.
- Дыбыс деңгейін реттеу.

⑤ ЖШД көрсеткіші

- Жүйе күйін көрсету.

⑥ NFC


- NFC үйлесімді құрылғыны Bluetooth арқылы қосыңыз.

3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Динамикті орналастыру

Динамикті тегіс бетке орналастыру үшін динамиктің артқы жағынан алынбалы тіректі тартыңыз.




Кірістірілген батареяны зарядтау

Динамик кірістірілген зарядталатын батареямен байланысады.

Ескертпе

- Пайдаланбастан бұрын кірістірілген батареяны толығымен зарядтаңыз.
- Шағын USB ұясы тек зарядтауға арналған.
- Зарядталатын батареяның зарядтау айналымы шектеулі. Батареяның қызмет ету мерзімі мен зарядтау кезеңдерінің саны қолданысқа және параметрлеріне байланысты әр түрлі болады.




USB кабелін төмендегілердің арасында жалғаңыз

- динамиктегі **DC IN** ұясы және
- компьютердегі USB ұяшығы.

ЖШД көрсеткіші батарея күйін көрсетеді.

Режим	ЖШД көрсеткіші	Батарея күйі
«Off» режимі	Қып-қызыл	Зарядталып жатыр
	Өшіру	Толық зарядталған
«Bluetooth» немесе «Аудио кіріс» режимі	Қызыл түсті болып жыпылықтау	Батарея деңгейі төмен

Қосу/өшіру



Динамикті қосу немесе өшіру үшін ϕ тұтқаны сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұрыңыз.

➔ Динамик қосылғанда ЖШД индикаторы жыпылықтайды.

Ескертпе

- Ойнату кезінде дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін тұтқаны бұраңыз.
- Егер 15 минуттай жұмыс істемесе, динамик энергияны үнемдеу үшін күту режиміне автоматты түрде өтеді.

4 Bluetooth құрылғыларын пайдалану

Бұл динамикпен Bluetooth қосылған құрылғылардан дыбысты тыңдауға және Bluetooth арқылы кіріс қоңырауын басқаруға болады.

Құрылғыны қосу



Ескертпе

- Құрылғыны осы динамикпен жұптамастан бұрын оның Bluetooth үйлесімділігіне арналған пайдаланушы нұсқаулығын оқыңыз.
- Динамик ең көбі төрт жұпталған құрылғыны есте сақтай алады. Бесінші жұпталған құрылғы біріншісін ауыстырады.
- Құрылғыдағы Bluetooth функциясы қосулы екенін және құрылғыңыз барлық басқа Bluetooth құрылғыларына көрінетіндей орнатылғанын тексеріңіз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысының арасындағы кез келген кедергі жұмыс ауқымын қысқартуы мүмкін. Кедергі келтіруі мүмкін кез келген басқа электр құрылғысынан алыс ұстаңыз.
- Осы динамик пен Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут).
- Ешқандай аудио кіріс кабелінің AUDIO IN ұяшығына жалғанбағанын тексеріңіз.


Құрылғыны NFC арқылы қосу

Near Field Communication (NFC) — ұялы телефондар және IC теттері сияқты әр түрлі NFC үйлесімді құрылғылар арасында қысқа ауқымды сымсыз байланысқа мүмкіндік беретін технология.

Bluetooth құрылғыңыз NFC технологиясын қолдаса, оны осы динамикпен оңай қоса аласыз.

- 1 Динамикті қосыңыз.
↳ ЖШД көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.

- 2 Bluetooth қосулы құрылғысында NFC мүмкіндігін қосыңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Динамиктегі NFC терін Bluetooth құрылғысының артқы жағындағы NFC аумағын түртіңіз.



- 4 Bluetooth құрылғыңызда «BT3600» құрылғысымен жұптау сұрауын қабылдаңыз. Қажет болса, жұптау құпия сөзі ретінде «0000» мәнін енгізіңіз.
- 5 Жұптау және қосу әрекетін аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
↳ Сәтті жұптап, қосқаннан кейін, динамик екі рет сигнал шығарады және ЖШД көрсеткіші тұтас көк түске айналады.

Құрылғыны қолмен қосу

- 1 Динамикті қосыңыз.
↳ ЖШД көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.
- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз және Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Құрылғыда [Philips BT3600] көрсетілгенде жұптауды және қосуды бастау үшін оны таңдаңыз. Қажет болса, «0000» әдепкі құпия сөзін енгізіңіз.
↳ Сәтті жұптап, қосқаннан кейін, динамик екі рет сигнал шығарады және ЖШД көрсеткіші тұтас көк түске айналады.


- Жұптастыру үшін [Philips BT3600] моделін табу сәтсіз болса, жұптастыру режиміне өту үшін **MULTIPAIR** түймесін екі секунд басып тұрыңыз, содан соң әрекетті қайталаңыз.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Құрылғыда Bluetooth функциясын ажыратыңыз; немесе
 - құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.
- ↳ Динамик екі рет дыбыстық сигнал шығарады және ЖШД индикаторы жыпылықтайды.

Екі Bluetooth құрылғысын бір уақытта қосыңыз.

Динамик бір уақытта екі Bluetooth құрылғысына қосыла алады.



- 1 Бір Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
 - 2 **MULTIPAIR** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
- ↳ Динамик тағы бір Bluetooth құрылғысымен жұптасуға дайын болады.
- ↳ ЖШД көрсеткіші көк түсті болып жыпылықтайды.

3 Басқа Bluetooth құрылғысын қосыңыз.

- Егер динамик екі құрылғыға қосылса және тек бір құрылғыда музыка ойнатылса, **MULTIPAIR** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
- ↳ Динамик өшірулі құрылғыны ажыратып, басқа құрылғымен жұптасуға дайын болады.
- Егер динамик екі құрылғыға қосылса және екі құрылғыда музыка ойнатылса, **MULTIPAIR** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.
- ↳ Динамик бірінші жұптасқан құрылғыны ажыратып, басқа құрылғымен жұптасуға дайын болады.

ЖШД көрсеткіші	Сипаттама
Көк түсте жылдам жыпылықтау	Жұптастырылуда
Көк түсте баяу жыпылықтау	Қосылуда
Көк түспен жану	Қосылған

Bluetooth құрылғысынан ойнату

Ескертпе

- Егер қосылған ұялы телефонда кіріс қоңырауы болса, музыканың ойнатылуы уақытша тоқтатылады.

Сәтті Bluetooth қосылымынан кейін қосулы Bluetooth құрылғысында дыбысты ойнатыңыз.

- ↳ Дыбыс ағыны Bluetooth құрылғысынан динамикке жіберіледі.

Телефон қоңырауын басқару

Bluetooth қосылымынан кейін кіріс қоңырауын осы динамикпен басқара аласыз.

Түйме	Функция
	Кіріс қоңырауына жауап беру үшін басыңыз. Кіріс қоңырауды қабылдамау үшін екі секунд бойы басып тұрыңыз. Қоңырау кезінде ағымдағы қоңырауды аяқтау үшін басыңыз. Қоңырау кезінде қоңырауды мобильді құрылғыға тасымалдау үшін екі секунд бойы басып тұрыңыз.



Ескертпе

- Кіріс қоңырауы бар кезде музыка ойнату уақытша тоқтайды және телефон қоңырауы аяқталғанда жалғасады.


5 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Осы динамикпен MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы дыбыс құрылғысын тыңдауға да болады.



Ескертпе

- Bluetooth арқылы музыканы ойнату тоқтатылғанын тексеріңіз.



- 1 Қосқышы 3,5 мм болатын дыбыс кірісі кабелінің (жинақта жок) екі жағын мыналарға жалғаңыз:
 - осы динамиктегі **AUDIO IN** ұясына қосыңыз және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұясына.
- 2 Дыбысты сыртқы құрылғыда ойнату (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

6 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 x 5 Вт ОКМ
Сигнал-шу арақатынасы	> 62 дБА
Аудио кіріс көзі	600 мВ

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V4.1
Қолдау көрсетілетін профильдер	A2DP, AVRCP, HSP/HFP
Ауқымы	10 м (бос орын)

Жалпы ақпарат

Қуат көзі (USB ұяшығы арқылы)	5 В --- 1 А
Ішкі батарея	Литий-полимер батарея (3,7 В, 2200 мАс)
Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	207 x 97 x 34 мм
Салмағы - негізгі құрылғы	0,45 кг

7 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Жалпы ақпарат

Қуат жоқ

- Динамикті зарядтаңыз.

Дыбыс жоқ

- Динамикте немесе Bluetooth қосылған құрылғыда дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Bluetooth құрылғысының тиімді жұмыс ауқымында екенін тексеріңіз.

Динамиктен жауап жоқ

- Динамикті қайта іске қосыңыз.

Жарықдиодты индикатор тұрақты қызыл түсте жанып тұр және қандайда бір пернені басқанда динамик жауап бермейді.

- Динамик DEMO режимінде тұр. Режимнен шығу үшін **MULTIPAIR C0** түймесін 15 секунд басып тұрыңыз.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Бұл өнім жұптастыру режимінде емес. **MULTIPAIR** түймесін екі секунд бойы басып тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны осы өнімге жақын орналастырыңыз немесе олардың арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth қосылымы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл өнімнің бұзылғанын білдірмейді.

8 Ескерту

Gibson тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандай да бір өзгерістер немесе модификациялар пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік

CE 0890

Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

Қоршаған ортаны күту

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.




Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EO еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады. Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.



Ескерту

- Кірістірілген батареяны шығарып алу кепілдікті жарамсыз етеді және өнімді бұзуы мүмкін.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсі біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді Gibson әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.



N белгісі — NFC Forum, Inc. корпорациясының Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі.



2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

BT3600_00_UM_V2.0

